



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

**Қазақстан
Республикасының
2020 жылғы 1
жартыжылдықтағы
төлем балансы және
сыртқы борышы**

Қазан 2020

Бұл жарияланымды Төлем балансы департаменті дайындады. Жарияланымда Қазақстан Республикасының сыртқы секторының дамуындағы соңғы үрдістер көрсетіледі және елдің төлем балансына, халықаралық инвестициялық позициясына және сыртқы борышына байланысты статистикалық есептер, сондай-ақ осы есептерге талдамалық түсініктемелер берілген. Статистикалық есептер жан-жақты жасалған талдамалық кестелермен, сыртқы сектордың статистикасын жасау әдіснамасын және оны жасауға арналған ақпарат көздерін сипаттаумен толықтырылған. Жеке статистикалық қосымшалармен инвестициялардың түрлері бойынша халықаралық инвестициялардың қорлары мен ағындарының құрылымы берілген. Жарияланымның кезеңділігі тоқсан сайын – басылым қаңтар, сәуір, шілде және қазан айларында шығады. Үш тілде: қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде шығарылады.

Статистикалық деректер әдіснамасы өзгерген және (немесе) сыртқы экономикалық операциялар туралы қосымша ақпарат алған кезде бұрын жарияланған тарихи деректер қатары түзетілуі мүмкін. Регламентке сәйкес Қазақстан Республикасы сыртқы секторының статистикалық деректерін қайта қарау жылына екі рет – жарты жылдық және жылдық төлем балансы, халықаралық инвестициялық позиция және сыртқы борыш жөніндегі есептерді жасау кезінде жүзеге асырылады және есепті жылдың алдындағы екі жылды қамтиды. Жаңартылған деректер жыл сайын мамырда және қарашада жарияланады.

Деректерді нақтылаудың негізгі көзі есептерді жасау кезінде қосымша түскен ақпаратты алу - валюталық операциялар туралы хабарлау және тіркеу шеңберінде алынған деректер, төлем балансы жөніндегі статистикалық есепті қоспағанда, басқа ақпарат көздерінен алынған деректермен салыстырған кезде статистикалық сәйкессіздіктерді анықтау, сондай-ақ ресми сауда статистикасының деректерін нақтылау болып табылады.

Осы жарияланымда келтірілген кестелердегі жекелеген жағдайларда деректерді дөңгелектеу салдарынан қорытындылар және қосылатын сома арасындағы соңғы разрядта шамалы айырмашылықтар болуы ықтимал.

Осы жарияланымға арналған статистикалық деректерді қалыптастыру күні - 2020 жылғы 30 қыркүйек. 2018-2019 жылдардағы деректерді соңғы жаңарту күні - 2020 жылғы 30 қыркүйек.

Ұсынылған статистикалық деректер бойынша қосымша ақпаратты Төлем балансы департаментінен алуға болады

мекен-жайы: Z05T8F6, Нұр-Сұлтан қаласы,
«Есіл» ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 57А ғимараты
телефондары: (727) 270-49-37 (төлем балансы)
(727) 270-46-40(халықаралық инвестициялық позиция және сыртқы борыш)
электрондық пошта: akbota.mukhamediyeva@nationalbank.kz

Төлем балансы, халықаралық инвестициялық позиция және сыртқы борыш жөніндегі стандартты және талдамалы түрде көрсетілген статистикалық есептерді, сондай-ақ осы есептерді жасауға арналған әдіснамалық түсініктемелерді Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің <http://www.nationalbank.kz> веб-сайтынан алуға болады. Көрсетілген статистикалық есеп ҚҰБ-нің веб-сайтына есептік кезең аяқталғаннан кейін 90-шы күні қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде орналастырылады.

Мазмұны

Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 1 жартыжылдықтағы төлем балансы	5
<i>Төлем балансына қосымшалар:</i>	
1. Қазақстан Республикасының төлем балансы: талдамалық ұсыным.....	12
2. Қазақстан Республикасының төлем балансы: резиденттердің экономикалық секторлары бойынша.....	14
3. Қазақстан Республикасының төлем балансы стандарттық ұсыным, негізгі баптар.....	16
4. Қазақстан Республикасының төлем балансы: стандарттық ұсыным	17
5. Қазақстан Республикасының төлем балансы: абсолютті және салыстырмалы өлшемдер.....	28
I қосымша. Төлем балансына талдау қосымшалары	
I.1. Сыртқы сауда және сауда балансы.....	30
I.3. Қазақстан Республикасының 2019 және 2020 жылғы 1- жартыжылдықтағы сыртқы сауда айналымы.....	34
I.4. Ресми статистика деректері бойынша экспорттың және импорттың құрылымы.....	35
I.5. Ресми статистика деректері бойынша жекелеген тауарлардың экспорты бойынша бағаны және сандық жеткізулерді талдау.....	36
I.6. Қазақстан Республикасының ресми статистика деректері бойынша сыртқы сауданың географиялық құрылымы..	37
I.7. Кеңейтілген жіктеу бойынша Қазақстан Республикасы халықаралық қызмет балансы	38
I.8. Қызметтердің сыртқы саудасының географиялық құрылымы.....	40
I.9. Жеке трансферттер (жеке тұлғалардың өтеусіз ақша аударымдары)	41
I.10. Жеке сектордың қаржылық операциялары.....	42
Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 1 жартыжылдықтағы жағдай бойынша халықаралық инвестициялық позициясы	43
<i>Халықаралық инвестициялық позицияға қосымшалар:</i>	
1. Қазақстанның халықаралық инвестициялық позициясы: стандарттық ұсыным	46
2. Резиденттердің экономика секторлары бойынша халықаралық инвестициялық позициясы	54
3. Қазақстанның резиденттердің экономикалық қызмет түрлері бойынша халықаралық инвестициялық позициясы	56
4. Қазақстанның елдер бойынша халықаралық инвестициялық позициясы	58
5. Қазақстан резиденттерінің олардың экономикалық қызмет түрлері бойынша және негізгі елдер бойынша сыртқы міндеттемелері.....	63
Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 1 шілдедегі сыртқы борышы	67
<i>Сыртқы борышқа қосымшалар:</i>	
1. Сыртқы борыш: стандарттық ұсыным	69
2. Сыртқы борыш: абсолютті және салыстырмалы өлшемдер	71
3. 2020 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша жалпы сыртқы борышқа (ЖСБ) қызмет көрсету бойынша төлемдердің кестесі.....	72

4. Сыртқы борыштың жағдайы: қалған өтеу мерзімі бойынша қысқа мерзімді борыш, секторлар бойынша	73
5. Валюта түрлері бойынша сыртқы борыш.....	75
6. Резиденттер шығарған және резидент еместерге тиесілі борыштық бағалы қағаздар, эмиссия орны бойынша.....	76
7. Елдер бойынша сыртқы борыш.....	77
8. Резиденттердің қызмет түрлері бойынша сыртқы борыш.....	80
9. Кеңейтілген айқындаудағы мемлекеттік сектордың сыртқы борышы.....	82
10. Кредитор және заем алушы секторлары бойынша сыртқы борыш.....	83
11. Сыйақы мөлшерлемелері бойынша сыртқы борыш.....	84
12. Сыртқы борыштың жағдайы: Ағындар мен қорларды келістіру	85

III қосымша. Статистикалық әдіснама


III.1. Төлем балансына және халықаралық инвестициялық позицияға әдіснамалық түсіндірме	86
III.2. Қазақстанның төлем балансын және халықаралық инвестициялық позициясын жасаудың ақпараттық базасы	92
III.3. Төлем балансының талдау индекстері мен бағалау көрсеткіштерін есептеу әдістемелері	99
III.4. Сыртқы сектор статистикасының жаңа әдіснамаға көшуі туралы	103
III.5. Қазақстан Республикасының сыртқы борыш көрсеткіштерінің халықаралық инвестициялық позициясының баптарына сәйкестігі	105

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ 2020 жылғы 1-жартыжылдықтағы ТӨЛЕМ БАЛАНСЫ

Ағымдағы операциялар шоты

2020 жылғы 1-жартыжылдықта **ағымдағы операциялар шоты** профицитпен қалыптасты және 1,7 млрд АҚШ долларын (бұдан әрі – долл.) құрады, 2019 жылғы 1-жартыжылдықтағы ағымдағы шот дефициті (-)1,9 млрд АҚШ долларын құраған болатын (2-қосымша). Ағымдағы шоттың оң сальдосы тікелей инвесторларға төленетін кірістердің төмендеуіне байланысты орын алды (1-диаграмма).

Сауда балансының профициті 8,1%-ға төмендеді және тауарлар экспорты тауарлар импортының төмендеуімен салыстырғанда едәуір қысқаруы есебінен 2020 жылғы 1-жартыжылдықта 10,1 млрд АҚШ долларын құрады.



2020 жылғы 1-жартыжылдықта Brent сұрыпты мұнайдың әлемдік бағасы орташа алғанда бір баррель үшін 41,0 доллар болды және 2019 жылғы 1-жартыжылдықпен салыстырғанда 37,7%-ға төмендеді (2019 жылғы 1-жартыжылдықта орташа алғанда бір баррель үшін 65,8 АҚШ доллары). Тауарлар экспорты 2019 жылғы 1-жартыжылдықтағы көрсеткішпен салыстырғанда 9,5%-ға қысқарып, 25,9 млрд долл. болды. Мұнай және газ конденсатының құны (ресми экспорттан 58,0%) 8,5%-ға немесе 1,4 млрд долл. төмендеді, бұл жеткізулер санының ұлғаюымен келісімшарт бағаларының төмендеуіне байланысты болды. Қара металдар экспорты нақты жеткізулер көлемі ұлғайған кезде келісімшарт бағасының төмендеуі есебінен 15,9%-ға төмендеді. Түсті металдар экспорты келісімшарт бағасының төмендеуі есебінен де, нақты жеткізу көлемінің азаюы есебінен де 6,2%-ға төмендеді. Астық экспорты 16,1%-ға қысқарды.

Тауарлар импорты 2019 жылғы 1-жартыжылдықтағы көрсеткіш деңгейінен 10,3%-ға төмендеп, 15,8 млрд долл. құрады. Тауарлар импортының төмендеуі инвестициялық тауарларын әкелу 14,0%-ға немесе 950,5 млн. долл. және аралық тұтыну тауарларын әкелу 7,9%-ға немесе 461,7 млн. долл. қысқаруына байланысты болды. Бұл ретте тұтынушылық тауарлар импортының 11,3%-ға немесе 493,4 млн долларға ұлғайғаны байқалды, оның ішінде азық-түлік тауарларын әкелу 8,5%-ға немесе 133,0 млн. долларға артты, ал азық-түлікке жатпайтын тауарлар импорты 12,8%-ға немесе 360,4 млн долларға өсті.

Қазақстанның негізгі сауда әріптестерінің бірі Ресейден импорт 2019 жылғы 1-жартыжылдықпен салыстырғанда 6,0 млрд долларға дейін 6,6%-ға төмендеді, Қытайдан импорт 15,2%-ға 2,5 млрд АҚШ долларына дейін төмендеді. Жалпы импортта Ресейдің үлесі 36,4%-дан 36,1%-ға дейін қысқарды, Қытайдың үлесі 16,9%-дан 15,2%-ға дейін қысқарды.

Халықаралық қызметтер балансының дефициті 2019 жылғы 1-жартыжылдықтағы көрсеткішке қарағанда 13,1%-ға 1,6 млрд долларға дейін төмендеді. Бұл ретте көрсетілетін

қызметтер экспорты 25,4%-ға азайды, ал импорт 21,2%-ға қысқарды. Халықаралық қызметтердің сыртқы сауда айналымы 22,9%-ға дейін төмендеді және 6,9 млрд долл. құрады.

Қызмет көрсету экспорты 0,9 млрд долларға дейін төмендеп, 2,6 млрд долл. құрады. Қызмет көрсету экспортының төмендеуі бейрезиденттердің Қазақстанға бару шығындарының 67,4%-ға немесе 647,5 млн долларға төмендеуімен байланысты болды. Сонымен қатар, қызмет көрсету экспортының төмендеуіне отандық көлік компанияларының республиканың аумағы арқылы мұнай және газ құбыр транзиті бойынша кірістерінің (қызмет көрсету экспортының 32,6%) 19,7%-ғанемесе 858,8 млн долларға дейін 210,1 млн. долларға қысқаруы, сондай-ақ азаматтықавиация рейстерінің қысқаруына байланысты отандық авиатасымалдаушылардың кірістерінің (58,0%-ға немесе 113,7 млн долл.) қысқаруы әсерін тигізді. Сонымен қатар, бейрезиденттердің жүктерін теміржол көлігімен тасымалдауды жүзеге асыратын қазақстандық компаниялардың кірістері 25,5%-ға немесе 77,9 млн долларға ұлғайды.

Халықаралық қызметтер импорты 1,1 млрд долларға төмендеп, 4,2 млрд долл. болды. Көрсетілген қызмет импортының қысқаруы қазақстандықтардың шетелге *сапарларының* шығыстары 64,6%-ға немесе 809,9 млн долларға, бейрезиденттердің көлік қызметтері бойынша кірісі, негізінен автожол көлігімен және әуетасымалдаушылардың жолаушыларды тасымалдау бойынша қызмет көрсетуден 13,2%-ға немесе 149,7%-ға азаюына байланысты болды. Резиденттердің негізінен Қазақстан аумағындағы ірі инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға қатысуына байланысты басқа да іскерлік қызметтерге (қызмет көрсету импортының 49,3%) шығындары 4,3%-ға немесе 92,3 млн долларға төмендеді.

Бастапқы кірістер балансының дефициті басым түрде шетелдік тікелей инвесторлар кірістерінің қысқаруы есебінен 2019 жылғы 1-жартыжылдықтағы көрсеткішке қатысты 38,5%-ға төмендеп, 7,1 млрд долларды құрады.

Резиденттердің инвестициялық салымдардан кірістері 27,8%-ға төмендеп, 0,8 млрд доллар болды. Бұл кірістердің жартысынан көбі елдің ресми резервтерінен (Ұлттық қордың резервтік активтері мен шетелдік активтерінен) түскен кіріске тиесілі, олар 498,0 млн долларға дейін 21,1%-ға қысқарды.

Бейрезиденттерге төленетін инвестициялық кіріс 7,6 млрд долларға дейін 37,0%-ға азайды, оның ішінде бейрезиденттердің тікелей инвестициялардан кірісі 2019 жылғы 1-жартыжылдықтағы 10,8 млрд доллардан 2020 жылғы 1-жартыжылдықта 6,5 млрд долларға дейін 40,0%-ға төмендеді. Оның 56,0%-ын бөлінген кірістер мен дивидендтер түрінде немесе қазақстандық кәсіпорындардың бөлінбеген пайдасындағы (немесе шығынындағы) шетелдік тікелей инвесторлардың үлесі түрінде капиталға қатысудан түскен кіріс (қайта инвестициялау деп аталатын) құрайды. Тікелей инвестициялау қатынастарымен байланысты емес кредиторларға сыйақы төлеу 11,1%-ға төмендеп, 1,1 млрд долларды құрады.

Қайталама кірістер балансының профициті 2019 жылғы 1-жартыжылдықтағы көрсеткішке қарағанда 41,7%-ға (2019 жылғы 1-жартыжылдықта 409,7 млн долл.) төмендеп 239,0 млн долл. болды. Қайталама кірістер балансының профицитінің қысқаруы мемлекеттік басқару органдарының пайдасына резидент еместерден түсетін түсімдердің төмендеуімен байланысты болды.

Жеке тұлғалардың шетелге ақша аударымдары (жеке трансферттері) 2,1 есе қысқарды және 227,8 млн долл. болды. Негізінен Ресей Федерациясына, Өзбекстанға, Қырғызстанға, ҚХР-ға және Түркияға аударымдар бойынша төмендеді. Шетелден жеке тұлғаларға аударымдар негізінен Ресей Федерациясынан және Корей Республикасынан түсімдердің қысқаруы есебінен 176,2 млн долларға дейін 31,3%-ға төмендеді.

Қаржылық шот (Ұлттық Банктің резервтік активтерімен операцияларды қоспағанда)

Қаржылық шот бойынша таза әкелу (резервтік активтерді қоспағанда) 2020 жылғы 1-жартыжылдықта 5,1 млрд долларды (2019 жылғы 1-жартыжылдықта таза әкету 3,6 млрд долларды) құрады. Резиденттер міндеттемелерінің ұлғаюы және олардың активтерінің төмендеуі (1-кесте) қаржылық операциялар бойынша капиталдың таза әкелуін немесе «басқа елдерден таза қарыз алуды» қамтамасыз етті.

1-кесте

Қаржылық шоттың балансы (резервтік активтерді қоспағанда)

("+" – активтердің/міндеттемелердің ұлғаюы; "-" – активтердің/міндеттемелердің төмендеуі)

млн АҚШ доллары

	2018 жылғы 1- жартыжылдық	2019 жылғы 1- жартыжылдық	2020 жылғы 1- жартыжылдық
Қаржылық шот	1563,0	3581,2	-5 131,1
<i>Қаржылық активтерді таза сатып алу</i>	-449,0	3258,4	-318,4
Тікелей инвестициялар	-3365,3	-2801,2	668,8
Портфельдік инвестициялар	-313,7	3148,2	-3 730,6
Туынды қаржы құралдары	54,7	-16,9	3,8
Басқа инвестициялар	3175,3	2928,2	2739,6
<i>Міндеттемелерді таза қабылдау</i>	-2012,0	-322,8	4812,7
Тікелей инвестициялар	739,2	1103,0	4 154,5
Портфельдік инвестициялар	-2630,3	-1125,7	-93,0
Туынды қаржы құралдары	-17,4	34,2	-76,5
Басқа инвестициялар	-103,5	-334,4	827,8

Резиденттер экономикасы секторы бойынша 2020 жылғы 1-жартыжылдықта капиталдың таза әкелінуі (немесе басқа елдер алдында таза қарыз алу) негізінен Мемлекеттік басқару органдарының және Банктердің операцияларымен қамтамасыз етілді (2-кесте).

2-кесте

Экономика секторлары бойынша қаржылық шоттың балансы (резервтік активтерді қоспағанда)


("+" – активтердің/міндеттемелердің ұлғаюы; "-" – активтердің/міндеттемелердің төмендеуі)

млн АҚШ доллары

	2018 жылғы 1- жартыжылдық	2019 жылғы 1- жартыжылдық	2020 жылғы 1- жартыжылдық
Қаржылық шот	1563,0	3581,2	-5131,1
<i>Орталық Банк</i>	-227,5	-267,5	-28,6
Қаржылық активтерді таза сатып алу	58,3	-286,5	110,0
Міндеттемелерді таза қабылдау	285,7	-19,0	138,6
<i>Банктер</i>	-370,1	1960,5	-1910,6
Қаржылық активтерді таза сатып алу	-398,7	1483,1	-1337,5
<i>o.i. тікелей инвестициялау операциялары бойынша</i>	-0,7	17,6	-2,3
Міндеттемелерді таза қабылдау	-28,6	-477,4	573,1
<i>o.i. тікелей инвестициялау операциялары бойынша</i>	290,5	71,3	143,7
<i>Мемлекеттік басқару органдары</i>	1811,8	472,9	-3078,6
Қаржылық активтерді таза сатып алу	727,0	293,1	-3773,7
Міндеттемелерді таза қабылдау	-1084,8	-179,8	-695,0
<i>Басқа секторлар</i>	348,7	1415,3	-113,3
Қаржылық активтерді таза сатып алу	-835,6	1768,7	4682,7
<i>o.i. тікелей инвестициялау операциялары бойынша</i>	-3425,0	-2977,5	536,5
Міндеттемелерді таза қабылдау	-1184,3	353,4	4796,1
<i>o.i. тікелей инвестициялау операциялары бойынша</i>	448,7	1031,8	4010,8

Қаржылық шоттың құрылымында инвестициялар түрлері бойынша капиталдың таза әкелінуі тікелей инвестициялар және портфельдік инвестициялар бойынша, ал ресурстардың нетто-әкетілуі басқа орта және ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді инвестициялар бойынша тіркелген (2-диаграмма).

2-диаграмма. Қаржылық шоттың құрылымы (млрд АҚШ доллары)



Тікелей инвестициялар

Шетелдік тікелей инвестициялар (ШТИ) бойынша 2020 жылғы 1-жартыжылдықта капиталдың таза әкелінуі (теріс сальдо) 3,5 млрд долларды құрады (2019 жылғы 1-жартыжылдықта 3,9 млрд доллар) және резиденттердің міндеттемелерінің өсуімен қамтамасыз етілді (3-кесте).

3-кесте

Тікелей инвестициялар балансы

("+" – активтердің/міндеттемелердің ұлғаюы; "-" – активтердің/міндеттемелердің төмендеуі)

млн АҚШ доллары

	2018 жылғы 1- жартыжылдық	2019 жылғы 1- жартыжылдық	2020 жылғы 1- жартыжылдық
Тікелей инвестициялар (нетто)	-4104,5	-3904,2	-3 485,7
Активтер/міндеттемелер қағидаты бойынша			
Қаржылық активтерді таза сатып алу	-3365,3	-2801,2	668,8
Кірістерді қайта инвестициялауды қоспағанда капиталға қатысу	-892,7	-2547,4	618,4
Кірістерді қайта инвестициялау	42,7	33,7	-22,8
Борыштық құралдар	-2515,4	-287,5	73,2
Міндеттемелерді таза қабылдау	739,2	1103,0	4 154,5
Кірістерді қайта инвестициялауды қоспағанда капиталға қатысу	-3405,3	-2171,7	262,7
Кірістерді қайта инвестициялау	4763,9	4233,4	1754,9
Борыштық құралдар	-619,5	-958,7	2137,0
«Салымдар бағыты» қағидаты бойынша			
Шетелге тікелей инвестициялар (таза әкетілу)	-942,0	-2 645,8	-1 604,8
Қазақстанға тікелей инвестициялар (таза әкеліну)	3 162,5	1 258,4	1 880,9
Анықтама үшін:			
Шетелдік тікелей инвесторлардан Қазақстанға тікелей инвестициялардың жалпы әкелінуі	12 427,4	12 425,1	8 112,0
Қазақстандық тікелей инвесторлардан тікелей инвестициялардың шет елге жалпы әкетілуі	573,9	1 291,3	864,8

ШТИ операциялары бойынша қаржылық активтерді 0,7 млрд долларға таза сатып алу қазақстандық кәсіпорындардың шетелдік ұйымдардың капиталына қатысуының ұлғаюына байланысты.

ШТИ бойынша міндеттемелерді таза қабылдау 4,2 млрд долларды құрады. Резиденттердің ШТИ бойынша міндеттемелерін ұлғайту бейрезиденттердің кірістерін қайта инвестициялаумен (тікелей инвесторлардың үлесіне келетін бөлінбеген пайда) және шетелдік үлестес тұлғалар алдындағы борыштық міндеттемелердің өсуімен қамтамасыз етілді.

Қазақстанға шетелдік тікелей инвестициялардың (ШТИ) жалпы әкелінуі 2019 жылғы 1-жартыжылдықтағы көрсеткішке қарағанда 34,7%-ға төмендеді және 8,1 млрд долларды құрады. Өңделмеген мұнай және табиғи газды өндіруге салымдар (2020 жылғы

1-жартыжылдықта ШТИ-дың жалпы әкелінуінен 44,7%) 44,2%-ға төмендеді және 3,6 млрд долларды құрады. Шетелдік тікелей инвестициялардың металлургия өнеркәсібіне салымдары (ШТИ-дің жалпы әкелінуінен 11,8%) 954,7 млн долларға дейін 24,7-ге қысқарды, көтерме және бөлшек саудаға, автокөлік құралдарын жөндеуге салымдары (ШТИ-дің жалпы әкелінуінен 14,8%) 1,2 млн долларға дейін 13,3%-ға төмендеді, көлікке және қоймада сақтауға салымдары (ШТИ-дің жалпы әкелінуінен 5,3%) 428,5 млн. долларға дейін 17,2%-ға, қаржы және сақтандыру қызметіне салымдары 377,7 млн. долларға дейін 48,1%-ға (ШТИ-дің жалпы әкелінуінен 4,7%) төмендеді.

Елдер бойынша ШТИ-дің жалпы әкеліну құрылымында Нидерланд (ШТИ жалпы түсімдерінен 31,4%) басым болып келеді, одан кейін АҚШ (13,2%), Швейцария (8,5%), Ресей Федерациясы (7,2%), Ұлыбритания (5,7%), Бельгия (5,4%), Қытай (4,7%) және Франция (4,3%) тұр.

Портфельдік инвестициялар және туынды қаржы құралдары

Портфельдік инвестициялар бойынша таза әкеліну 2020 жылғы 1-жартыжылдықта резиденттер активтерінің төмендеуі есебінен 3,6 млрд долларды (2019 жылғы 1-жартыжылдықта таза әкетілу 4,3 млрд АҚШ доллары) құрады (4-кесте).

Портфельдік инвестициялар бойынша қаржы активтері Мемлекеттік басқару органдары мен Банктердің портфеліндегі шетелдік бағалы қағаздардың төмендеуі есебінен 3,7 млрд долларға азайды.

4-кесте

Экономика секторлары бөлігінде портфель инвестициялары бойынша операциялар

	млн АҚШ доллары		
	2018 жылғы 1- жартыжылдық	2019 жылғы 1- жартыжылдық	2020 жылғы 1- жартыжылдық
Қаржы активтерін таза сатып алу	-313,7	3148,2	-3730,6
Орталық Банк	0,0	0,0	0,0
Банктер	-163,4	177,1	-997,5
Капиталға қатысу құралдары мен инвестициялық қорлардағы үлес (10%-дан кем)	0,0	0,0	0,0
Борыштық бағалы қағаздар	-163,4	177,1	-997,5
Мемлекеттік басқару органдары	-400,5	940,0	-3103,7
Капиталға қатысу құралдары мен инвестициялық қорлардағы үлес (10% -дан кем)	-81,4	-66,1	182,8
Борыштық бағалы қағаздар	-319,0	1006,1	-3286,5
Басқа секторлар	250,2	2031,1	370,6
Капиталға қатысу құралдары мен инвестициялық қорлардағы үлес (10% -дан кем)	108,6	70,7	440,4
Борыштық бағалы қағаздар	141,5	1960,4	-69,8
Міндеттемелерді таза қабылдау	-2630,3	-1125,7	-93,0
Орталық Банк	295,1	-16,1	136,4
Борыштық бағалы қағаздар	295,1	-16,1	136,4
Банктер	-112,2	-253,6	193,9
Капиталға қатысу құралдары мен инвестициялық қорлардағы үлес (10%-дан кем)	-2,4	4,9	0,2
Борыштық бағалы қағаздар	-109,9	-258,5	193,6
Мемлекеттік басқару органдары	-923,0	196,8	-295,0
Борыштық бағалы қағаздар	-923,0	196,8	-295,0
Басқа секторлар	-1890,1	-1052,8	-128,3
Капиталға қатысу құралдары мен инвестициялық қорлардағы үлес (10%-дан кем)	-1830,2	28,9	185,9
Борыштық бағалы қағаздар	-59,9	-1081,7	-314,2
Портфель инвестицияларының балансы	2316,6	4273,9	-3637,6

Портфельдік инвестициялар бойынша міндеттемелердің 0,1 млрд долларға төмендеуі бейрезиденттердің қайталама нарығында резиденттердің бағалы қағаздарын сатуымен, сондай-ақ банктік емес сектор кәсіпорындарының еурооблигацияларды ішінара кері сатып алуымен байланысты. Сонымен қатар, банктердің еурооблигацияларды шығаруы 2020 жылғы 1-тоқсанда портфельдік инвестициялар бойынша міндеттемелердің төмендеуін өтеді.

Туынды қаржы құралдарымен операциялар бойынша оң сальдо 80,3 млн долларды (теріс сальдо 2019 жылғы 1-жартыжылдықта 51,1 млн долларды) құрады. Туынды құралдармен операцияларды басым жағдайда шетел валютасымен экспорттық түсімдерді хеджирлейтін Қазақстан банктері мен қаржылық емес ұйымдары жасады.

Басқа инвестициялар

Басқа инвестициялар бабы бойынша тіркелетін операциялар бойынша таза әкетілу (оң сальдо) резиденттер активтерінің өсуі және міндеттемелерінің төмендеуі нәтижесінде 1,9 млрд доллар (2019 жылғы 1-жартыжылдықта 3,3 млрд доллар) болды.

Басқа инвестициялар бабы бойынша қаржы активтері кәсіпорындардың шетелдік шоттардағы активтерінің өсуі, банктер мен қазақстандық кәсіпорындардың кредиттер мен қарыздар бойынша бейрезиденттерге қоятын талаптарының артуы, сондай-ақ төлем балансында жеке тұлғалардың қолма-қол шетел валютасымен сыныпталмаған операцияларының өсуі есебінен 2,7 млрд долларға ұлғайды (Ұлттық Банктің бағалауы) (5-кесте).

5-кесте

Резиденттердің «Басқа инвестициялар» бабында көрсетілген қаржы активтерін таза сатып алуы

(«+»- активтердің ұлғаюы, «-» - активтердің төмендеуі)

млн АҚШ доллары

	2018 жылғы 1- жартыжылдық	2019 жылғы 1- жартыжылдық	2020 жылғы 1- жартыжылдық
<i>Орталық Банк</i>	-2,1	-445,2	-24,6
Қолма-қол валюта және депозиттер	10,2	53,9	-8,3
Кредиттер мен қарыздар	-12,4	-499,1	-16,3
<i>Банктер</i>	-258,8	1300,6	-354,9
Қолма-қол валюта және депозиттер	103,2	1257,3	-515,1
Кредиттер мен қарыздар	-395,8	-36,7	75,6
Басқа да талаптар	33,7	80,0	84,6
<i>Мемлекеттік басқару органдары</i>	1097,4	-646,9	-673,3
Капиталға қатысудың басқа құралдары	29,5	29,4	29,5
Қолма-қол валюта және депозиттер	1075,7	-678,2	-698,1
Кредиттер мен қарыздар	-3,1	-3,1	-3,2
Сауда кредиттері мен аванстар	-4,7	5,1	-1,6
<i>Басқа секторлар</i>	2338,7	2719,6	3792,5
Капиталға қатысудың басқа құралдары	0,7	0,5	3,7
Қолма-қол валюта және депозиттер	-1895,2	4,1	2048,1
Кредиттер мен қарыздар	3,8	-78,5	175,9
Сауда кредиттері мен аванстар	1430,0	451,7	-116,9
Басқа да талаптар	2799,4	2341,8	1681,7
Қаржылық активтерді таза сатып алу, барлығы	3175,3	2928,2	2739,6

Орта-ұзақ мерзімді инвестициялар бойынша міндеттемелердің 145,3 млн долларға ұлғаюы (6-кесте) банктердің және қазақстандық кәсіпорындардың бейрезиденттер алдындағы ұзақ мерзімді кредиттер мен қарыздар бойынша міндеттемелерінің өсуі, сондай-ақ кәсіпорындардың тауарлар импорты мен қызметтер экспорты бойынша кредиторлық берешегінің ұлғаюы есебінен жүзеге асырылды. Сонымен қатар, есепті кезеңде Мемлекеттік басқару органдарының ұзақ мерзімді кредиттері мен қарыздары бойынша міндеттемелердің төмендеуі тіркелді.

Қысқа мерзімді инвестициялар бойынша міндеттемелердің 682,4 млн долларға ұлғаюы бейрезиденттер алдындағы банктік емес ұйымдардың кредиттері мен қарыздары бойынша кредиторлық берешегінің және міндеттемелердің өсуімен, сондай-ақ бейрезиденттердің қазақстандық банктердегі шоттардағы қаражатының ұлғаюымен қамтамасыз етілді.

6-кесте

**Резиденттердің «Басқа инвестициялар» бабында көрсетілген міндеттемелерді
таза қабылдауы**

(«+» - міндеттемелердің өсуі, «-» - міндеттемелердің төмендеуі)

млн АҚШ доллары

	2018 жылғы 1- жартыжылдық	2019 жылғы 1- жартыжылдық	2020 жылғы 1- жартыжылдық
Капиталға қатысудың басқа құралдары	0,2	0,2	0,1
Басқа секторлар	0,2	0,2	0,1
Орта және ұзақ мерзімді инвестициялар	-500,8	-788,2	145,3
Орталық Банк	-5,0	0,0	0,0
Қолма-қол валюта мен депозиттер	-5,0	0,0	0,0
Банктер	-386,5	-547,0	212,5
Қолма-қол валюта мен депозиттер	-13,4	-100,8	26,0
Кредиттер мен қарыздар	-373,0	-446,2	186,6
Мемлекеттік басқару органдары	-164,3	-377,2	-403,8
Кредиттер мен қарыздар	-164,3	-377,2	-403,8
Басқа секторлар	55,0	136,1	336,5
Сақтандыру, зейнетақы бағдарламалары және стандартты кепілдік беру бағдарламалары	27,7	36,6	31,9
Кредиттер мен қарыздар	-145,8	153,1	154,7
Сауда кредиттері мен аванстар	173,8	-54,0	106,0
Басқа да міндеттемелер	-0,7	0,3	43,9
Қысқа мерзімді инвестициялар	397,2	453,5	682,4
Орталық Банк	-4,4	-2,9	2,2
Қолма-қол валюта мен депозиттер	-5,5	-3,0	0,9
Сауда кредиттері мен аванстар	1,1	0,1	1,3
Банктер	174,1	215,7	99,6
Қолма-қол валюта мен депозиттер	98,6	226,2	62,6
Кредиттер мен қарыздар	42,1	-69,1	-35,5
Басқа да міндеттемелер	33,5	58,7	72,4
Мемлекеттік басқару органдары	2,6	0,6	3,7
Сауда кредиттері мен аванстар	2,6	0,6	3,7
Басқа секторлар	224,8	240,1	577,0
Кредиттер мен қарыздар	-58,8	11,5	101,2
Сауда кредиттері мен аванстар	236,9	341,1	476,3
Басқа да міндеттемелер	46,8	-112,4	-0,5
Міндеттемелерді таза қабылдау, барлығы	-103,5	-334,4	827,8

Резервтік активтер

Төлем балансының операциялары бойынша резервтік активтер 0,6 млрд долларға ұлғайды. 2020 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша резервтік активтер 32,9 млрд АҚШ доллары деп бағаланды, бұл тауарлар мен қызметтердің қазақстандық импортын 8,1 айға қаржыландыру қажеттілігін өтейді.

Қазақстан Республикасының төлем балансы: талдамалық ұсыным

(млн. АҚШ долл.)

	2018	2018				2019	2019				2020	2020		
		I	II	III	IV		I	II	III	IV		I	2020	
													I	II
Ағымдағы операциялардың шоты	-138,5	-832,5	-428,1	-261,4	1 383,6	-7 206,1	-266,5	-1 662,9	-3 172,5	-2 104,2	1 698,4	2 821,8	-1 123,4	
Сауда балансы	25 579,2	6 094,5	6 212,9	6 283,3	6 988,5	18 130,5	6 087,6	4 946,1	2 982,7	4 114,1	10 140,7	7 138,4	3 002,3	
Экспорт	59 826,3	13 669,9	14 691,7	15 366,4	16 098,3	58 164,6	13 344,7	15 309,4	14 543,6	14 967,0	25 939,6	14 292,1	11 647,4	
Импорт	34 247,1	7 575,4	8 478,8	9 083,1	9 109,8	40 034,2	7 257,1	10 363,3	11 560,9	10 852,9	15 798,8	7 153,7	8 645,1	
Қызмет балансы	-4 661,5	-931,7	-1 038,8	-1 309,6	-1 381,4	-3 686,4	-895,5	-925,0	-750,4	-1 115,5	-1 581,2	-903,5	-677,7	
Экспорт	7 319,9	1 600,7	1 897,8	2 012,6	1 808,8	7 782,8	1 644,7	1 885,3	2 297,7	1 955,1	2 634,5	1 536,9	1 097,6	
Импорт	11 981,4	2 532,4	2 936,6	3 322,2	3 190,2	11 469,2	2 540,2	2 810,4	3 048,1	3 070,5	4 215,7	2 440,4	1 775,3	
Бастапқы кірістер балансы	-21 974,4	-6 119,9	-5 728,5	-5 558,4	-4 567,6	-22 692,5	-5 639,0	-5 913,2	-5 709,3	-5 431,0	-7 100,1	-3 478,5	-3 621,7	
Еңбекақы төлеу (нетто)	-1 583,9	-355,4	-395,7	-429,0	-403,8	-1 599,4	-368,4	-387,4	-413,1	-430,6	-427,8	-238,9	-188,9	
Инвестициялық кірістер	-20 525,5	-5 798,3	-5 366,5	-5 163,1	-4 197,5	-21 224,9	-5 303,7	-5 558,6	-5 329,0	-5 033,6	-6 736,5	-3 273,0	-3 463,4	
Алынатын кірістер	2 481,9	590,5	634,1	648,2	609,1	2 375,5	497,1	674,5	559,6	644,4	845,5	456,6	388,8	
Тікелей инвестициялардан кірістер	653,0	160,0	157,0	184,6	151,3	653,5	59,5	211,0	138,7	244,3	101,9	47,2	54,8	
Портфельдік инвестициялардан кірістер	1 215,9	288,6	327,2	295,1	305,0	1 274,4	310,7	347,5	312,2	304,0	581,6	315,9	265,6	
Басқа инвестициялардан кірістер	613,0	142,0	149,8	168,4	152,8	447,7	127,0	116,0	108,6	96,1	162,0	93,6	68,4	
<i>o.i. резервтер мен Ұлттық қордың активтері бойынша сыйақы</i>	1 311,8	313,4	355,0	323,5	319,9	1 171,8	309,9	321,2	280,1	260,6	498,0	277,6	220,4	
Төленетін кірістер	23 007,4	6 388,8	6 000,6	5 811,4	4 806,6	23 600,5	5 800,9	6 233,1	5 888,6	5 677,9	7 582,0	3 729,7	3 852,3	
Тікелей инвестициялардан кірістер	20 351,4	5 707,5	5 274,4	5 133,3	4 236,3	21 193,2	5 184,5	5 592,3	5 291,4	5 125,0	6 464,6	3 171,1	3 293,5	
Портфельдік инвестициялардан кірістер	1 181,8	302,4	376,0	279,5	223,9	991,5	248,8	303,8	220,4	218,5	467,4	213,2	254,3	
Басқа инвестициялардан кірістер	1 474,2	379,0	350,2	398,6	346,4	1 415,8	367,6	337,0	376,8	334,4	649,9	345,5	304,5	
Басқа бастапқы кірістер (нетто)	135,0	33,8	33,8	33,8	33,8	131,9	33,1	32,8	32,8	33,1	64,2	33,5	30,7	
Қайталама кірістер балансы	918,2	124,6	126,3	323,2	344,1	1 042,3	180,4	229,3	304,5	328,1	239,0	65,4	173,6	
Капиталмен операциялар шотының балансы	203,4	69,9	117,7	29,9	-14,1	127,2	37,4	-0,3	39,4	50,6	42,2	8,6	33,6	
Қаржылық шот (ҚҰБ резервтік активтерін алып тастағанда)	2 705,8	1 059,3	503,7	309,2	833,6	665,9	3 543,3	37,9	-1 251,9	-1 663,4	-5 131,1	-377,4	-4 753,7	
Тікелей инвестициялар	-4 722,7	-3 487,5	-617,0	-863,5	245,3	-5 422,1	-3 051,3	-852,9	-322,2	-1 195,7	-3 485,7	-1 382,1	-2 103,6	
Қаржылық активтерді таза алу	-4 639,3	-2 505,7	-859,6	-273,5	-1 000,4	-2 052,2	-588,8	-2 212,4	803,7	-54,7	668,8	-376,7	1 045,5	
Міндеттемелерді таза қабылдау	83,4	981,8	-242,7	590,0	-1 245,8	3 369,9	2 462,6	-1 359,5	1 125,9	1 141,0	4 154,5	1 005,4	3 149,1	
Портфельдік инвестициялар	2 901,9	1 942,6	374,0	983,3	-398,0	5 128,4	3 307,0	966,8	-1 118,5	1 973,0	-3 637,6	-1 908,8	-1 728,8	
Қаржылық активтерді таза алу	-728,7	424,8	-738,5	-1 348,9	933,9	4 896,3	2 652,4	495,8	-59,0	1 807,1	-3 730,6	-1 500,3	-2 230,4	
ҚР Үкіметі және ҚР Ұлттық Банкі	-854,3	-380,1	-20,4	-2 205,0	1 751,2	1 893,5	861,8	78,1	-694,4	1 648,0	-3 103,7	-1 228,3	-1 875,4	
Банктер	-91,9	-37,9	-125,4	-8,2	79,6	748,8	110,7	66,5	48,4	523,3	-997,5	-633,4	-364,1	
Басқа секторлар	217,6	842,8	-592,6	864,3	-896,9	2 254,1	1 679,9	351,2	587,1	-364,1	370,6	361,4	9,2	
Міндеттемелерді таза қабылдау	-3 630,6	-1 517,8	-1 112,5	-2 332,2	1 331,9	-232,1	-654,6	-471,0	1 059,5	-165,9	-93,0	408,5	-501,5	
ҚР Үкіметі және ҚР Ұлттық Банкі	-73,5	273,4	-901,3	-464,6	1 019,0	1 270,8	260,8	-80,2	1 005,6	84,6	-158,6	-29,4	-129,2	
Банктер	-164,5	-100,6	-11,7	13,7	-66,0	-96,9	-191,9	-61,7	-108,4	265,1	193,9	343,2	-149,3	
Басқа секторлар	-3 392,5	-1 690,7	-199,5	-1 881,3	378,9	-1 406,0	-723,6	-329,2	162,3	-515,6	-128,3	94,8	-223,1	
Туынды қаржы құралдары (нетто)	109,4	0,5	71,6	37,4	-0,2	-81,3	-38,6	-12,5	-1,6	-28,6	80,3	144,8	-64,5	
Басқа инвестициялар	4 417,2	2 603,7	675,0	152,1	986,3	1 040,8	3 326,2	-63,6	190,4	-2 412,2	1 911,9	2 768,6	-856,7	
Капиталға қатысушы басқа құралдар (нетто)	33,7	29,5	0,6	2,1	1,5	17,5	27,6	2,1	-0,5	-11,8	33,1	30,9	2,3	
Орта- және ұзақ мерзімді борыштық құралдар	2 426,7	328,3	-18,1	857,0	1 259,5	-332,5	627,0	63,9	-26,5	-997,0	296,1	953,0	-656,8	
Қаржылық активтерді таза алу	-4,5	-54,3	-136,4	334,1	-147,9	61,6	-203,2	106,0	160,2	-1,5	441,4	412,7	28,7	
ҚР Үкіметі және ҚР Ұлттық Банкі	-14,0	0,8	-1,9	-4,8	-8,1	-4,4	0,2	-1,6	-1,4	-1,6	-3,2	-1,5	-1,7	
Банктер	-44,2	-46,3	15,7	-5,0	-8,6	119,1	-1,5	-10,7	117,2	14,1	117,6	138,1	-20,4	
Басқа секторлар	53,7	-8,7	-150,2	343,9	-131,2	-53,2	-202,0	118,3	44,5	-13,9	327,0	276,2	50,8	

	2018	2018				2019	2019				2020	2020	
		I	II	III	IV		I	II	III	IV		I	II
Міндеттемелерді таза қабылдау	-2 431,2	-382,5	-118,3	-522,9	-1 407,4	394,1	-830,2	42,0	186,7	995,5	145,3	-540,3	685,5
ҚР Үкіметі және ҚР Ұлттық Банкі	-284,7	-99,7	-69,7	-78,0	-37,4	-717,8	-342,5	-34,7	-303,6	-37,0	-403,8	-342,9	-60,8
Банктер	-645,7	-420,3	33,9	-360,7	101,5	-512,1	-470,5	-76,6	-151,0	186,0	212,5	22,8	189,7
Басқа секторлар	-1 500,8	137,5	-82,5	-84,2	-1 471,6	1 624,0	-17,3	153,3	641,3	846,6	336,5	-220,2	556,7
Қысқа мерзімді борыштық құралдар	1 956,8	2 245,9	692,6	-707,1	-274,7	1 355,9	2 671,6	-129,6	217,4	-1 403,4	1 582,6	1 784,7	-202,2
Қаржылық активтерді таза алу	3 223,9	2 112,7	1 222,9	-19,8	-92,0	2 319,3	2 752,3	243,1	381,5	-1 057,7	2 265,0	1 784,5	480,6
Міндеттемелерді таза қабылдау	1 267,1	-133,2	530,3	687,3	182,6	963,4	80,8	372,8	164,1	345,7	682,4	-0,3	682,7
Қателер және қалып қойғандар	1 114,6	928,2	724,6	650,6	-1 188,8	1 145,1	-694,8	797,1	1 607,0	-564,2	-6 264,3	-3 910,0	-2 354,3
Жалпы баланс	1 526,2	893,6	89,5	-109,7	652,8	6 599,7	4 467,2	904,0	274,1	954,4	-607,5	702,1	-1 309,6
Қаржыландыру	-1 526,2	-893,6	-89,5	109,7	-652,8	-6 599,7	-4 467,2	-904,0	-274,1	-954,4	607,5	-702,1	1 309,6
ҚҰБ-нің резервтік активтері	-1 526,2	-893,6	-89,5	109,7	-652,8	-6 599,7	-4 467,2	-904,0	-274,1	-954,4	607,5	-702,1	1 309,6
ХВҚ-тің кредиттері	0					0					0		
Айрықша қаржыландыру	0					0					0		

Қазақстан Республикасының төлем балансы резиденттердің экономикалық секторлары бойынша

(млн.АҚШ доллары)

	2018	2018				2019	2019				2020 1 полугодие	2020	
		I	II	III	IV		I	II	III	IV		I	II
Ағымдағы операциялардың шоты	-138,5	-832,5	-428,1	-261,4	1 383,6	-7 206,1	-266,5	-1 662,9	-3 172,5	-2 104,2	1 698,4	2 821,8	-1 123,4
Сауда балансы	25 579,2	6 094,5	6 212,9	6 283,3	6 988,5	18 130,5	6 087,6	4 946,1	2 982,7	4 114,1	10 140,7	7 138,4	3 002,3
Экспорт	59 826,3	13 669,9	14 691,7	15 366,4	16 098,3	58 164,6	13 344,7	15 309,4	14 543,6	14 967,0	25 939,6	14 292,1	11 647,4
Импорт	34 247,1	7 575,4	8 478,8	9 083,1	9 109,8	40 034,2	7 257,1	10 363,3	11 560,9	10 852,9	15 798,8	7 153,7	8 645,1
Қызмет балансы	-4 661,5	-931,7	-1 038,8	-1 309,6	-1 381,4	-3 686,4	-895,5	-925,0	-750,4	-1 115,5	-1 581,2	-903,5	-677,7
Экспорт	7 319,9	1 600,7	1 897,8	2 012,6	1 808,8	7 782,8	1 644,7	1 885,3	2 297,7	1 955,1	2 634,5	1 536,9	1 097,6
Импорт	11 981,4	2 532,4	2 936,6	3 322,2	3 190,2	11 469,2	2 540,2	2 810,4	3 048,1	3 070,5	4 215,7	2 440,4	1 775,3
Бастапқы кірістер балансы	-21 974,4	-6 119,9	-5 728,5	-5 558,4	-4 567,6	-22 692,5	-5 639,0	-5 913,2	-5 709,3	-5 431,0	-7 100,1	-3 478,5	-3 621,7
Еңбекақы төлеу (нетто)	-1 583,9	-355,4	-395,7	-429,0	-403,8	-1 599,4	-368,4	-387,4	-413,1	-430,6	-427,8	-238,9	-188,9
Инвестициялық кірістер	-20 525,5	-5 798,3	-5 366,5	-5 163,1	-4 197,5	-21 224,9	-5 303,7	-5 558,6	-5 329,0	-5 033,6	-6 736,5	-3 273,0	-3 463,4
ҚР Үкіметі және ҚР Ұлттық Банкі	868,7	182,8	252,0	202,2	231,8	731,5	185,5	221,2	157,4	167,3	295,1	163,6	131,5
Алынатын кірістер	1 313,8	313,5	355,0	323,7	321,5	1 179,9	311,1	323,7	282,2	262,9	590,5	280,8	224,3
Төленетін кірістер	445,1	130,8	103,1	121,6	89,7	448,4	125,6	102,5	124,8	95,5	209,9	117,1	92,8
Банктер	-575,8	-189,6	-173,1	-105,0	-108,2	-546,0	-105,2	-196,8	-144,9	-99,1	-240,9	-75,9	-165,0
Алынатын кірістер	169,5	28,3	37,0	58,5	45,7	169,1	25,5	36,7	48,2	58,6	51,3	39,4	11,9
Төленетін кірістер	745,4	217,9	210,1	163,5	153,9	715,0	130,7	233,5	193,1	157,7	292,2	115,3	176,9
Басқа секторлар	-20 818,3	-5 791,5	-5 445,4	-5 260,3	-4 321,2	-21 410,4	-5 384,1	-5 583,1	-5 341,5	-5 101,8	-6 790,7	-3 360,8	-3 429,9
Алынатын кірістер	998,6	248,7	242,0	266,0	241,9	1 026,6	160,5	314,0	229,2	322,9	289,1	136,5	152,6
Төленетін кірістер	21 816,9	6 040,1	5 687,4	5 526,3	4 563,1	22 437,0	5 544,6	5 897,1	5 570,6	5 424,7	7 079,8	3 497,3	3 582,6
Басқа бастапқы кірістер (нетто)	135,0	33,8	33,8	33,8	33,8	131,9	33,1	32,8	32,8	33,1	64,2	33,5	30,7
Қайталама кірістер балансы	918,2	124,6	126,3	323,2	344,1	1 042,3	180,4	229,3	304,5	328,1	239,0	65,4	173,6
Капиталмен операциялар шотының балансы	203,4	69,9	117,7	29,9	-14,1	127,2	37,4	-0,3	39,4	50,6	42,2	8,6	33,6
Қаржылық шот	1 179,5	165,7	414,2	419,0	180,7	-5 933,8	-923,9	-866,1	-1 526,0	-2 617,8	-4 523,6	-1 079,5	-3 444,1
ҚР Үкіметі және ҚР Ұлттық Банкі	833,5	-656,0	1 257,2	-1 211,9	1 444,2	-7 159,5	-2 986,6	-2 179,1	-1 765,4	-228,4	-2 499,7	-1 463,6	-1 036,1
Қаржылық активтерді таза алу	477,9	-487,7	289,8	-1 750,2	2 426,0	-6 612,5	-3 068,8	-2 295,8	-1 065,0	-183,0	-3 056,2	-1 831,6	-1 224,5
Тікелей инвестициялар	203,1	42,7	17,7	91,4	51,4	338,8	120,6	38,1	57,6	122,6	134,6	55,8	78,8
Портфельдік инвестициялар	-854,3	-380,1	-20,4	-2 205,0	1 751,2	1 893,5	861,8	78,1	-694,4	1 648,0	-3 103,7	-1 228,3	-1 875,4
Туынды қаржы құралдары	30,1	0,0	30,1	0,0	0,0	0,2	0,0	0,0	0,0	0,2	3,4	-0,2	3,6
Басқа инвестициялар	2 625,3	743,3	352,0	253,7	1 276,2	-2 245,4	416,0	-1 508,1	-154,0	-999,3	-698,0	43,2	-741,1
ҚҰБ-нің резервтік активтері	-1 526,2	-893,6	-89,5	109,7	-652,8	-6 599,7	-4 467,2	-904,0	-274,1	-954,4	607,5	-702,1	1 309,6
Міндеттемелерді таза қабылдау	-355,6	168,3	-967,4	-538,3	981,8	547,0	-82,1	-116,7	700,4	45,4	-556,5	-368,0	-188,4
Портфельдік инвестициялар	-73,5	273,4	-901,3	-464,6	1 019,0	1 270,8	260,8	-80,2	1 005,6	84,6	-158,6	-29,4	-129,2
Туынды қаржы құралдары	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Басқа инвестициялар	-282,1	-105,1	-66,1	-73,7	-37,2	-723,9	-343,0	-36,6	-305,2	-39,1	-397,9	-338,6	-59,2
Банктер	-456,9	535,5	-905,6	660,5	-747,3	2 438,6	1 346,3	614,2	592,1	-114,0	-1 910,6	-513,1	-1 397,5
Қаржылық активтерді таза алу	-487,8	235,8	-634,4	466,5	-555,7	2 205,0	984,4	498,7	164,7	557,2	-1 337,5	-228,6	-1 108,9
Тікелей инвестициялар	42,4	-1,9	1,2	7,7	35,4	191,6	1,4	16,2	53,4	120,5	-2,3	-4,1	1,8
Портфельдік инвестициялар	-91,9	-37,9	-125,4	-8,2	79,6	748,8	110,7	66,5	48,4	523,3	-997,5	-633,4	-364,1
Туынды қаржы құралдары	66,5	57,9	-33,7	16,8	25,5	-33,7	-21,0	8,7	-5,7	-15,7	17,3	133,3	-116,1
Басқа инвестициялар	-504,8	217,7	-476,5	450,2	-696,2	1 298,3	893,3	407,3	68,6	-70,9	-354,9	275,6	-630,5
Міндеттемелерді таза қабылдау	-30,9	-299,7	271,1	-194,0	191,6	-233,6	-361,9	-115,5	-427,4	671,2	573,1	284,5	288,6
Тікелей инвестициялар	393,6	141,1	149,3	44,7	58,5	203,1	44,4	26,9	66,6	65,2	143,7	26,0	117,7
Портфельдік инвестициялар	-164,5	-100,6	-11,7	13,7	-66,0	-96,9	-191,9	-61,7	-108,4	265,1	193,9	343,2	-149,3

	2018	2018				2019	2019				2020 1 полугодие	2020	
		I	II	III	IV		I	II	III	IV		I	II
Туынды қаржы құралдары	23,1	74,4	-68,9	-9,5	27,1	31,7	16,8	19,4	-10,1	5,6	-76,5	-18,5	-58,0
Басқа инвестициялар	-283,1	-414,7	202,4	-242,8	172,1	-371,5	-231,2	-100,1	-375,5	335,3	312,1	-66,1	378,2
Басқа секторлар	802,9	286,2	62,5	970,4	-516,1	-1 212,9	716,4	698,9	-352,7	-2 275,4	-113,3	897,2	-1 010,5
Қаржылық активтерді таза алу	-3 532,7	-576,3	-259,3	103,8	-2 800,9	2 998,1	2 234,7	-466,0	1 900,0	-670,6	4 682,7	1 835,6	2 847,2
Тікелей инвестициялар	-4 884,8	-2 546,4	-878,6	-372,6	-1 087,2	-2 582,6	-710,8	-2 266,7	692,6	-297,8	536,5	-428,4	964,8
Портфельдік инвестициялар	217,6	842,8	-592,6	864,3	-896,9	2 254,1	1 679,9	351,2	587,1	-364,1	370,6	361,4	9,2
Туынды қаржы құралдары	-0,3	-0,1	0,5	0,1	-0,9	-20,3	-1,8	-2,7	-6,9	-8,9	-16,8	-6,8	-10,0
Басқа инвестициялар	1 134,9	1 127,3	1 211,4	-388,0	-815,9	3 346,9	1 267,4	1 452,2	627,1	0,2	3 792,5	1 909,4	1 883,1
Міндеттемелерді таза қабылдау	-4 335,6	-862,5	-321,8	-866,6	-2 284,7	4 211,0	1 518,3	-1 164,9	2 252,8	1 604,9	4 796,1	938,4	3 857,7
Тікелей инвестициялар	-310,2	840,7	-392,0	545,3	-1 304,2	3 166,8	2 418,2	-1 386,4	1 059,3	1 075,8	4 010,8	979,4	3 031,4
Портфельдік инвестициялар	-3 392,5	-1 690,7	-199,5	-1 881,3	378,9	-1 406,0	-723,6	-329,2	162,3	-515,6	-128,3	94,8	-223,1
Туынды қаржы құралдары	-36,3	-17,1	-5,8	-11,0	-2,3	-4,2	-1,0	-1,0	-0,9	-1,3	0,0	0,0	0,0
Басқа инвестициялар	-596,6	4,5	275,5	480,4	-1 357,1	2 454,4	-175,3	551,7	1 032,1	1 046,0	913,5	-135,8	1 049,3
Қателер және қалып қойғандар	1 114,6	928,2	724,6	650,6	-1 188,8	1 145,1	-694,8	797,1	1 607,0	-564,2	-6 264,3	-3 910,0	-2 354,3

Қазақстан Республикасының төлем балансы: стандарттық ұсыным, негізгі баптар

(млн.АҚШ доллары)

	2018	2018				2019	2019				2020 1 полугодие	2020	
		I	II	III	IV		I	II	III	IV		I	II
Ағымдағы операциялардың шоты	-138,5	-832,5	-428,1	-261,4	1 383,6	-7 206,1	-266,5	-1 662,9	-3 172,5	-2 104,2	1 698,4	2 821,8	-1 123,4
Тауарлар	25 579,2	6 094,5	6 212,9	6 283,3	6 988,5	18 130,5	6 087,6	4 946,1	2 982,7	4 114,1	10 140,7	7 138,4	3 002,3
Кредит (Экспорт)	59 826,3	13 669,9	14 691,7	15 366,4	16 098,3	58 164,6	13 344,7	15 309,4	14 543,6	14 967,0	25 939,6	14 292,1	11 647,4
Дебет (Импорт)	34 247,1	7 575,4	8 478,8	9 083,1	9 109,8	40 034,2	7 257,1	10 363,3	11 560,9	10 852,9	15 798,8	7 153,7	8 645,1
Қызметтер	-4 661,5	-931,7	-1 038,8	-1 309,6	-1 381,4	-3 686,4	-895,5	-925,0	-750,4	-1 115,5	-1 581,2	-903,5	-677,7
Кредит (Экспорт)	7 319,9	1 600,7	1 897,8	2 012,6	1 808,8	7 782,8	1 644,7	1 885,3	2 297,7	1 955,1	2 634,5	1 536,9	1 097,6
Дебет (Импорт)	11 981,4	2 532,4	2 936,6	3 322,2	3 190,2	11 469,2	2 540,2	2 810,4	3 048,1	3 070,5	4 215,7	2 440,4	1 775,3
Бастапқы кірістер	-21 974,4	-6 119,9	-5 728,5	-5 558,4	-4 567,6	-22 692,5	-5 639,0	-5 913,2	-5 709,3	-5 431,0	-7 100,1	-3 478,5	-3 621,7
Кредит (алуға)	2 620,9	625,3	668,8	682,9	643,9	2 511,3	531,2	708,3	593,4	678,5	911,6	491,1	420,5
Дебет (төлеуге)	24 595,2	6 745,1	6 397,3	6 241,4	5 211,4	25 203,7	6 170,2	6 621,5	6 302,6	6 109,4	8 011,7	3 969,6	4 042,1
Қайталама кірістер	918,2	124,6	126,3	323,2	344,1	1 042,3	180,4	229,3	304,5	328,1	239,0	65,4	173,6
Кредит (алуға)	2 965,5	561,0	715,5	820,3	868,6	3 027,4	589,1	754,3	812,2	871,9	913,7	534,2	379,5
Дебет (төлеуге)	2 047,3	436,4	589,2	497,1	524,6	1 985,2	408,6	525,0	507,7	543,8	674,7	468,9	205,8
Капиталмен операциялар шоты	203,4	69,9	117,7	29,9	-14,1	127,2	37,4	-0,3	39,4	50,6	42,2	8,6	33,6
Кредит (алуға)	279,8	70,3	128,7	31,0	49,8	150,0	38,2	13,2	47,2	51,4	154,5	9,6	144,8
Дебет (төлеуге)	76,4	0,4	11,0	1,1	63,8	22,9	0,8	13,5	7,8	0,8	112,2	1,0	111,3
Қаржылық шот	1 179,5	165,7	414,2	419,0	180,7	-5 933,8	-923,9	-866,1	-1 526,0	-2 617,8	-4 523,6	-1 079,5	-3 444,1
Тікелей инвестициялар	-4 722,7	-3 487,5	-617,0	-863,5	245,3	-5 422,1	-3 051,3	-852,9	-322,2	-1 195,7	-3 485,7	-1 382,1	-2 103,6
Қаржылық активтерді таза алу	-4 639,3	-2 505,7	-859,6	-273,5	-1 000,4	-2 052,2	-588,8	-2 212,4	803,7	-54,7	668,8	-376,7	1 045,5
Міндеттемелерді таза қабылдау	83,4	981,8	-242,7	590,0	-1 245,8	3 369,9	2 462,6	-1 359,5	1 125,9	1 141,0	4 154,5	1 005,4	3 149,1
Портфельдік инвестициялар	2 901,9	1 942,6	374,0	983,3	-398,0	5 128,4	3 307,0	966,8	-1 118,5	1 973,0	-3 637,6	-1 908,8	-1 728,8
Қаржылық активтерді таза алу	-728,7	424,8	-738,5	-1 348,9	933,9	4 896,3	2 652,4	495,8	-59,0	1 807,1	-3 730,6	-1 500,3	-2 230,4
Міндеттемелерді таза қабылдау	-3 630,6	-1 517,8	-1 112,5	-2 332,2	1 331,9	-232,1	-654,6	-471,0	1 059,5	-165,9	-93,0	408,5	-501,5
Туынды қаржы құралдары (резервтерден басқа) және қызметкерлер үшін акциядағы опциондар	109,4	0,5	71,6	37,4	-0,2	-81,3	-38,6	-12,5	-1,6	-28,6	80,3	144,8	-64,5
Қаржылық активтерді таза алу	96,2	57,9	-3,1	16,9	24,6	-53,8	-22,8	6,0	-12,6	-24,3	3,8	126,3	-122,5
Міндеттемелерді таза қабылдау	-13,2	57,4	-74,7	-20,6	24,8	27,5	15,7	18,5	-11,0	4,3	-76,5	-18,5	-58,0
Басқа инвестициялар	4 417,2	2 603,7	675,0	152,1	986,3	1 040,8	3 326,2	-63,6	190,4	-2 412,2	1 911,9	2 768,6	-856,7
Қаржылық активтерді таза алу	3 255,4	2 088,4	1 086,9	316,0	-235,9	2 399,9	2 576,8	351,5	541,7	-1 070,0	2 739,6	2 228,1	511,6
Міндеттемелерді таза қабылдау	-1 161,8	-515,3	411,8	163,9	-1 222,2	1 359,1	-749,4	415,0	351,4	1 342,1	827,8	-540,5	1 368,3
Резервтік активтер	-1 526,2	-893,6	-89,5	109,7	-652,8	-6 599,7	-4 467,2	-904,0	-274,1	-954,4	607,5	-702,1	1 309,6
Таза қателер және қалып қойғандар	1 114,6	928,2	724,6	650,6	-1 188,8	1 145,1	-694,8	797,1	1 607,0	-564,2	-6 264,3	-3 910,0	-2 354,3

Қазақстан Республикасының төлем балансы: стандарттық ұсыным

(млн.АҚШ доллары)

	2018	1 тоқсан	2 тоқсан	3 тоқсан	4 тоқсан	2019	1 тоқсан	2 тоқсан	3 тоқсан	4 тоқсан	2020 1 жартыжылдық	1 тоқсан	2 тоқсан
Ағымдағы операциялардың шоты	-138,5	-832,5	-428,1	-261,4	1 383,6	-7 206,1	-266,5	-1 662,9	-3 172,5	-2 104,2	1 698,4	2 821,8	-1 123,4
Тауарлар	25 579,2	6 094,5	6 212,9	6 283,3	6 988,5	18 130,5	6 087,6	4 946,1	2 982,7	4 114,1	10 140,7	7 138,4	3 002,3
Кредит (Экспорт)	59 826,3	13 669,9	14 691,7	15 366,4	16 098,3	58 164,6	13 344,7	15 309,4	14 543,6	14 967,0	25 939,6	14 292,1	11 647,4
Төлем балансы әдіснамасы бойынша негізгі тауарлар	59 795,6	13 665,1	14 690,4	15 359,6	16 080,5	58 082,3	13 334,3	15 303,3	14 501,7	14 943,0	25 974,1	14 286,4	11 687,7
ресми статистика	61 111,2	13 981,4	15 060,9	15 644,4	16 424,4	58 065,6	13 344,5	15 299,3	14 463,2	14 958,6	26 007,3	14 283,0	11 724,3
түзетулер	-1 315,7	-316,4	-370,5	-284,8	-344,0	16,7	-10,2	4,0	38,5	-15,6	-33,2	3,4	-36,6
Шетелдегі тауарларды қайта сату шеңберіндегі тауарлардың таза экспорты	21,1	1,5	-1,1	5,6	15,1	76,9	9,4	3,8	41,0	22,7	-38,0	3,9	-41,9
Монетарлық емес алтын	9,6	3,3	2,4	1,2	2,7	5,5	1,0	2,3	0,9	1,3	3,5	1,8	1,7
Дебет (Импорт)	34 247,1	7 575,4	8 478,8	9 083,1	9 109,8	40 034,2	7 257,1	10 363,3	11 560,9	10 852,9	15 798,8	7 153,7	8 645,1
Төлем балансы әдіснамасы бойынша негізгі тауарлар	34 238,4	7 575,4	8 478,8	9 083,1	9 101,1	39 758,5	7 231,8	10 308,4	11 473,9	10 744,4	15 673,3	7 118,8	8 554,5
ресми статистика	33 658,5	7 459,4	8 351,4	8 801,5	9 046,2	39 709,3	7 189,0	10 346,8	11 447,9	10 725,7	16 514,3	7 320,3	9 194,0
түзетулер	579,8	115,9	127,4	281,6	54,9	49,2	42,8	-38,3	26,0	18,8	-841,0	-201,5	-639,5
Монетарлық емес алтын	8,7	0,0	0,0	0,0	8,7	275,6	25,3	54,9	87,0	108,4	125,5	34,9	90,6
Қызметтер	-4 661,5	-931,7	-1 038,8	-1 309,6	-1 381,4	-3 686,4	-895,5	-925,0	-750,4	-1 115,5	-1 581,2	-903,5	-677,7
Кредит (Экспорт)	7 319,9	1 600,7	1 897,8	2 012,6	1 808,8	7 782,8	1 644,7	1 885,3	2 297,7	1 955,1	2 634,5	1 536,9	1 097,6
Басқа жаққа тиесілі тауарларды қайта өңдеу бойынша қызметтер	28,9	3,9	8,6	4,0	12,5	70,1	29,1	21,1	5,3	14,6	29,1	11,1	18,0
Басқа санаттарға жатқызылмаған жөндеу және техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтер	73,5	12,2	20,9	16,5	23,9	117,2	17,2	21,4	56,4	22,2	27,2	12,0	15,2
Көлік қызметтері	4 011,7	917,8	1 026,1	1 051,9	1 015,9	3 973,8	942,3	975,0	1 004,0	1 052,5	1 633,8	874,2	759,6
Жолаушы тасымалдау	396,1	60,0	122,8	120,3	93,0	459,4	98,3	115,5	128,1	117,5	89,8	82,3	7,4
Жүк тасу	3 236,1	773,0	804,5	835,1	823,5	3 134,4	750,2	773,0	775,1	836,1	1 391,6	706,8	684,8
Өзгелері	370,4	83,3	95,2	94,3	97,6	363,6	88,7	84,4	98,4	92,1	147,3	83,2	64,1
Пошта қызметтері және курьерлік байланыс қызметтері	9,1	1,6	3,6	2,2	1,7	16,4	5,1	2,1	2,4	6,7	5,1	1,8	3,3
Жол жүру	2 254,6	451,0	609,0	701,9	492,7	2 463,3	424,3	577,1	925,0	536,9	353,9	336,5	17,4
Құрылыс	22,5	0,4	7,4	7,3	7,4	51,0	11,6	15,5	15,9	8,1	109,8	9,1	100,6
Сақтандыру және зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы қызметтер	77,9	19,2	22,3	25,1	11,3	97,4	20,5	18,6	34,2	24,1	73,4	45,5	27,9
Қаржылық қызметтер	15,2	4,0	4,5	3,8	2,9	83,1	5,6	20,3	27,5	29,6	49,7	23,9	25,8
Басқа санаттарға жатқызылмаған зияткерлік меншікті пайдалану үшін төленетін ақы	0,9	0,1	0,0	0,8	0,0	2,8	0,2	1,0	0,6	1,0	1,0	0,4	0,7
Телекоммуникациялық, компьютерлік және ақпараттық қызметтер	122,5	26,6	32,8	28,6	34,5	129,9	25,3	33,1	33,6	37,8	88,2	38,4	49,9
Басқа да іскерлік қызметтер	461,9	113,3	108,2	114,2	126,2	512,3	112,4	133,7	119,3	146,9	233,4	136,9	96,5
Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар	5,5	0,6	0,8	2,6	1,4	7,0	1,5	1,2	1,7	2,5	14,1	12,5	1,7
Кәсіптік қызметтер және басқару саласындағы консультациялық	118,0	27,7	29,0	25,5	35,8	144,7	24,5	35,5	40,2	44,5	57,1	28,5	28,5
Техникалық, саудамен байланысты және өзге де іскерлік	338,4	84,9	78,4	86,1	89,0	360,7	86,4	97,0	77,3	99,9	162,2	95,9	66,3
Жеке тұлғаларға көрсетілетін қызметтер және мәдениет пен демалыс саласындағы қызметтер	0,9	0,2	0,1	0,2	0,4	3,6	1,0	0,5	0,9	1,2	1,3	0,7	0,6
Басқа санаттарға жатқызылмаған мемлекеттік тауарлар мен қызметтер	249,4	52,0	57,8	58,3	81,3	278,4	55,2	68,0	75,0	80,2	33,5	48,3	-14,7
Дебет (Импорт)	11 981,4	2 532,4	2 936,6	3 322,2	3 190,2	11 469,2	2 540,2	2 810,4	3 048,1	3 070,5	4 215,7	2 440,4	1 775,3
Басқа жаққа тиесілі тауарларды қайта өңдеу бойынша қызметтер	188,0	54,7	52,4	38,9	41,9	185,4	49,6	44,5	45,8	45,4	87,6	47,2	40,4
Басқа санаттарға жатқызылмаған жөндеу және техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтер	481,7	93,1	120,4	131,1	137,1	387,5	79,5	87,0	83,1	137,9	172,9	90,5	82,4
Көлік қызметтері	2 103,2	465,4	527,7	555,8	554,3	2 502,0	482,4	651,0	696,1	672,5	983,8	453,7	530,0
Жолаушы тасымалдау	165,3	33,6	44,1	46,7	40,9	192,2	37,9	35,8	41,3	77,2	25,3	22,0	3,2
